

формасындағы іс-шаралар санын ұлгайта отырып, көшбасшылық қабілеттерін дамыту.

Балалар мен жастардың білім берудегі жетістіктерін көтермелес жүйесі туралы ережені әзірлеу арқылы жыл сайынғы сыйлықтарды және балаларды, жастар мен мұгалымдерді моральдық және материалдық ынталандырудың түрлерін құра отырып, жетістікті марапаттау, ынталандыру жүйесін дамыту бойынша іс әрекеттерді колға алу басшылыкка алынады.

| | |
|---|--|
| Жалпыға міндетті білімді және мектепте тамақтануды қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру | Оқушылардың жалпы санының сапалы және теңгерімді ыстық тамақпен қамтамасыз етілген мектеп оқушыларының үлесі 2023 ж 15 бала 50%, 2024ж -16 -54%, 2025 ж 18 бала -60%, 2026 ж 19 бала-62 %, 2027 ж 20 бала- 70 %. |
|---|--|

4- стратегиялық бағыт . Оқу процесіне жағдай жасау

Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфракүрылым екені баршамызға мәлім. Осы бағыт бойынша мектептің инфракүрылымын дамыту, цифрандыру арқылы сапалы әрі коллежімді біліммен қамтамасыз ету. Сонымен қатар Білім жүйесінің материалдық-техникалық базасын жақсарту, болашакта оны жетілдіру, азаматтардың сапалы білім алуын барлық деңгейі мен баспалдақтарында мемлекеттік стандартқа сәйкестендіру басты назарға алынбақ. Яғни, IT-инфракүрылымды, цифрлық білім беру ресурстары мен платформаларын дамыту. Қазіргі заманғы жабдықтармен жарапталған оқу кабинеттерінің санын көбейту. Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі заманғы жабдықтармен, оқытудың көрнекі және техникалық құралдарымен қамтамасыз ету арқылы сапалы білімге қол жеткіземіз. Мектеп кабинеттері 100% оқу процесіне сай қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету жоспарлануда. Компьютердің оқушылар санына шаққандағы үлесін азайта отырып, компьютерлер базасын жаңарту (істен шығару, жаңасын алу).

Қосымша білім беруді дамыту арқылы жеке тұлғаның зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, мүмкіндіктерін ескере отырып, қосымша біліммен қамтамасыз ету. Адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыра отырып, бос уақыттарын тиімді әрі мазмұнды етіп ұйымдастыруға жағдай жасалады. Қосымша білім берудің мазмұнының артуы, оның балалар мен жасөспірімдердің босуақытында еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту, дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай мақсатты айналысуына, әсіресе кәсіп таңдауына бағыттау арқылы өмірге бейімдеу. Қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін балаларға түсіндіру

арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанагаттандырады. Қосымша білім беру мекемелерімен өзара ынтымақтастық атмосферасында жұмыс жасай отырып, тұлғаның жан жақты дамуына сай орта қалыптастыру барысында бірлескен іс әрекетті жүзеге асыру болып табылады. Сонымен бірге, біз балаларды қосымша білім беру бағдарламасы мен тәрбиеленген тұлғектің жеткілікті нәтижесі ретінде емес, қазіргі мектеп білімінің сапасын арттыруға қызмет жасауға қосатын үлесінің зор екенін байқаймыз.

| Бағыттары және міндеттері | Іс әрекет (шаралар) | Өткізілетін орны | Өткізу уақыты | | Жауапты адам | Қаржы ландыру көлемі |
|---------------------------------|--|---------------------|---------------|----------|---------------------|----------------------------|
| | | | басталуы | аяқталуы | | |
| (Не?) | (Қалай?) | (Қай жерде?) | (Қашан?) | | (Кім?) | (Қажетті |
| Химия- биология кабинеті | Химия- биология кабинетін жабдықтау | Мектеп | 2023 ж | 2025ж | Мектеп директоры | |

5- стратегиялық бағыт . Мектеп дамуының жеке ерекшеліктері

Заман талабына сай үздіксіз білім беруде адамның рухани, мәдени, интеллектуалдық дамуының сұраныстары, ойлауды қалыптастырудың алғы шарттарын қанагаттандыруда әр мектептің дамуының ерекшелігін ескеру басым рөлге ие. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші қызмет атқаратын маңызды аспект оку іс әрекеті. Мектеп дамуының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қалыптастыруда оқушылардың жеке қабілеттері мен таным түсінігін саралау арқылы жүзеге асырылады. Бұл оқытудың әдістерін жетілдіруді, кемелдендіруді көздейді.

Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету. Бәсекеге қабілетті тұлға мен маманды даярлаудың іргетасы отбасында, қоғамда және білім беру жүйесінде қалыптастасын құндылықтар негізінде жүзеге асатыны мәлім. Мектеп – отбасы одағы аймағының кеңістігін кеңейту. Мектепте психологиялық қауіпсіз, жайлы білім беру ортасын құру мәселелерін жетілдіру.

Ұлт денсаулығымен салауатты өмір салтын ұстануға бағыттау мақсатында жас үрпақты спортқа баулу. Соның ішінде тоғызқұмалақ, шашки, шахмат, волейбол, велоспорт сынды спорт түрлеріне басымдық беріледі. "Ұлы даланың жеті қыры" идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін нығайту үшін кездесулер мен саяхаттар үйімдастыру арқылы ойлау деңгейі мен ұлттық мәдени көзқарастарын қалыптастыру, саяхат арқылы білім кеңістігін молайту. Сонымен қатар Ұлы даланың жаһандық тарихта қалдырған өшпес ізі мен мұраларын дәріптеу

арқылы оқушы бойында ұлттық дүниетанымды арттыру арқылы өзіндік көзқарасы қалыптасады.

Оқушылардың қызығушылықтарын арттыруды әртараптандыру және тұрақтыданыту үшін әлеуметтік, гылыми, Робототехника жобаларына, шыгармашылық, спорттық сайыстарға қатысады жалғастыру. Зияткерлік, жан жактылық, прогрессивті даму талабына сай тұлға қалыптастыруды оқушылардың қызығушылықтарын оята отырып, әлеуметтік көзқарасын тұрақтандыру болып табылады.

Ікимал қатерлер

Білім бөлімі өз қызметінің барысында мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіретін бірқатар қатерлерге тап болуы мүмкін

| Қатердің атауы | Дер кезінде шаралар қабылдамаған және (немесе) уақытылы мен қойған жағдайда мүмкін болатын салдарлар | Басқару тетіктері мен шаралары |
|--|--|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Жаһандық | |
| Әлемдік қаржы дағдарысы | Бюджет қаражатының жетіспеуі | Маңызы азғантай шығыстарды Қысқарту |
| Білім беруді басқару жүйесін орталықсыздандыру | Стратегиялық жоспардың мақсаттар индикаторлары мен міндеттер көрсеткіштеріне қол жеткізу | Білім беру жүйесін басқаруды (корганшылық кенестер, аумактық басқару органдары және басқаларын) жетілдіру |
| Білім сапасының нашарлауы | Елдің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төну | Білім беру жүйесін басқаруды білім мазмұнын кадрлар даярлауды жетілдіру |
| Жергілікті атқаруышы органдардың мемлекеттік органның Стратегиялық жоспарын іске асыруға мүдделі болмауы | Стратегиялық жоспардың мақсаттар индикаторлары мен міндеттер көрсеткіштеріне қол жеткізу | Аудан әкімі мен білім бөлімі арасында меморандум жасасу мүмкіндігін қарастыру |

| | | |
|--|--|--|
| Боліммен бірлесіп атқарушылардың білім болімнің Стратегиялық жоспарының іске асыруға дайын еместігі және мұддесіздігі | Стратегиялық жоспардың мақсаттар индикаторлары мен міндеттер көрсеткіштеріне қол жеткізбеу | Салааралық және ведомствоаралық үйлестіруді күшейту |
| Мұдделі тұлғалар тараپынан білімді сырттай бағалау, МАБ мектептерде), талапкерлерді кешенді тестілеумен рәсімдеу | МАБ інтижелерін тұтасымен алғанда білім сапасын бағалауды бүрмалау | Тестілеу жүргізу рәсімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету |
| Саладағы еңбекақы төлеу деңгейімен елдегі орташа еңбекақы арасындағы сәйкесіздікке байланысты білім жүйесінен кадрлардың кетуі | Кәсіби мүмкіндіктердің күрт төмендеуі және білімнің «қауқарсыздығы» | Еңбекақы деңгейін арттыру |

Сектораралық өзара іс-қимыл

| Міндеттердің атаулары | Іс-шаралар | Мемлекеттік органдар – қоса атқарушылар |
|--|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| 1-стратегиялық бағыт. Сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету | | |
| Мақсаты: мектептегі білім берудің қолжетімділігін және оның сапасын арттыруды қамтамасыз ету | | |
| Салауатты өмір салтына, оқушылардың деңсаулығын нығайтуға, деңсаулық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету | <p>1. Дене тәрбиелік-бұкарылық және сауыктыру жұмыстарын дамыту.</p> <p>2. Білім алушылардың деңсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бүкіл оқу жылы бойы балалардың деңсаулығының</p> | Аудандық білім бөлімі, жергілікті атқаруыш органдар, мектеп әкімшілігі |

| | мониторингін жүргізу | |
|--|---|---|
| Қосымша білім берудің коллежтімділігін қамтамасыз ету | 1. Аула клубтары желісін, спорт секцияларын дамыту 2. Бірлесіп қосымша білім беру ұйымдар желісін көбейту | Аудандық білім бөлімі, жергілікті атқарушы органдар, мектеп әкімшілігі. |
| Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың білімге қол жетімділігін қамтамасыз ету | 1. Балалар мүгедектігінің алдын алу мақсатында психофизикалық дамуында кемшіліктері бар балаларды ерте анықтау және скрингі бойынша жұмыстар жүргізу 2. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытудың жеке арнайы техникалық және компенсаторлық құралдармен қамтамасыз ету | ПМПК, жергілікті атқарушы органдар, мектеп әкімшілігі. |

9. Даму бағдарламасының міндеттерін шешу жолдары

Еліміздегі білім беру саласында қарқындан жүріп жатқан жаңалықтардан тыс қалмай, мектептің оқу – тәрбие үрдісіне өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаиды. Бұл мақсаттағы жұмыстарды анықтап алу үшін көзіргі жағдайымызға талдау жасауымыз керек. Мектеп жағдайы туралы бастапқы деректер жинау, мектептің мықты жақтары мен дамытуға болатын салалары туралы білу мақсатында мектеп ата-аналары, оқушылары және педагогтар арасында сауалнамалар жүргізілді. Мектеп ата-аналарына арналған сауалнамалардың мақсаты баланың мектептегі көніл күйін, жетістіктерін, каншалықты көмеккөрсетілгендігін, тәрбие беру сапасы, қажетті ақпараттарды алу мүмкіндіктерін анықтау және мектеп тәжірибесіне өзгерістер енгізу алдында ата-аналардың пікірлерін білу. Мектеп тәжірибесіне келелі өзгерістер енгізу алдында мектепті дамыту аймағын анықтаудағы оқушылардың пікірін білу мақсатында оқушылар арасында, бүтінгі мектептің жағдайына мұғалімдердің көзкарасын білу мақсатында мектеп педагогтері арасында сауалнамалар жүргізілді.

Мектебімізде нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырып, жұмыс жұмыстар жүргізілуде.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 31 қазандагы №604 бұйрығы

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдығы №182 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздагы №348 бұйрығы

Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының заңы 2019ж 27 желтоксан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 02.09.2019 жылғы Қазақстан халқына жолдауы «Конструктивті қоғамдық диалог- Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденеңінің негізі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2022 жыл 1 қыркүйек «Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция»

ҚР Білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысы

ҚР БФМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері

ҚР БФМ 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

Білім беру үйымдарындағы Қамқоршылық кенесі туралы 2007 жыл 27 шілдедегі «Білім туралы» Занының 44- бабының 9- тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде әзірлен құжаттармен жұмыстар жасалуда.

Мектеп жеткіншектерінің, жас өспірімдердің: « Қоғамға пайдалы, адамгершілігі мол, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында, мектебіміздегі бала санын артыруға, білім сапасын көтеруге, кадр мәселелерін шешу үшін жұмыстары атқарылуда. Білім сапасын жоғарлату мақсатында: Мектеп басшысы мен мұғалімдері білім беруді талдап, осы саладағы саясатты дамытуға үлес қосуға мүмкіндік береді. Ол үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет екендігін анықтады. Зерттеу мұғалімдердің кәсіби біліктілік көзқарасын арттыруға, оның әсерін, бағалаудың маңыздылығын және қажеттіліктерін анықтауға көмектесті. Жұмыстың басымдылықтарын айқындау мақсатында өзгерістер енгізу үшін түрлі әдіс- тәсілдер қарастырылды. Сонын ішінде коучингтер өткізу арқылы көптеген өзгерістердің қажеттіліктерін талқылап негіздеді. Осындай зерттеулердің нәтижесінде, мектепті дамытудың, өзгерістер енгізудің стратегиялық басымдылықтары нақтыланды. Мектепті дамытудың жоспары жасақталып, негізгі дамыу қажеттігі, дамыту үшін қандай іс-әрекеттер жасаймыз, олардың нақты қолжетімді және шынайы болуы белгіленді. Қажетті ресурстар анықталып, күтілетін нәтижеге болжам жасалды. Өзгерістерді әвалюциялау тәсілдері көрсетілді.

Стратегиялық жоспарлау дегеніміз – бұл мектептің қандай екендігін көрсететін, болашаққа бағдар жасай отырып, тубегейлі өзгерістер енгізу мақсатында шешімдер қабылдан, оны іске асрыруға арналған іс-әрекеттер жоспары. Мектепті дамыту жоспары – ұсынылатын білім беру қызыметтерінің сапасын арттыру мақсатында білім беру үйимын дамытуудың стратегиялық басымдықтары мен бағыттарын анықтайтын күжат [3].

Мектепті дамытудың стратегиялық жоспары сауалнамалар корытындысында аныкталған басты проблемаларды шешуге, берілген ұсныстарды іске асыруға бағытталған. Олар:

- 1) Мектептің даму жоспарын жасау кезінде окушылардың ата-аналардың пікірлерін ескеру.
- 2) Мектептің дамуына қолайлы жағдай жасау үшін қамқоршылық кенеспен байланысты күшету.
- 3) Озық тәжірбиелерді енгізу мақсатында жүйелі жұмыстану
- 4) Мұғалімдерді өз жұмыстарына талдау жүргізуге бағыттау.
- 5) Мұғалімдердің бірлесіп, ортақ проблеманы анықтап, білім сапасын арттыруға біріккен жұмыстарын жетілдіру.
- 6) Бала санының аздығына байланысты патронатка мектеп ұжымының бала асырап алудына жағдай жасап, қарастыру.
- 7) Жаңартылған білім беру мазмұнына сай жұмыс жасау.

Жоспарды іске асыру кезеңдері: 1-кезең -(2023-2024 оку жылы) дайындық, ұйымдастыру жұмысы, мұғалімдерді дайындау және жоспарды ақпараттандыруды қамтамасыз ету, мектеп окушыларының санын арттыру жұмыстарды жандандыру (патронатқа бала алу);

2 кезең (2024 – 2025, 2025-2026 оку жылы) практикалық қызметкөрсету. Мектептің ішкі құрылымын, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту, білім мазмұнын жаңарту, жоспарды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;

3- кезең (2027-2028 оку жылы) алдыңғы кезеңдердегі жүзеге асқан тәжірбие нәтижесін тарату және жариялау.

Жоспардың мақсаты: Оку- тәрбие үрдісіне өзгерістер енгізу арқылы білім сапасын арттыруға жағдай жасау. Тұлғаның жан-жақты дамуы үшін, мектеп, ата-ана қамқорлығын кенейту, окушыларға, мектеп мұғалімдеріне, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қолдау көрсету. Мектепте окушы санын арттыру, патронаттан бала алу, оны мектепте оқытудың жайлы, сапалы ортасын құру.

Жоспардың міндеттері: Мұғалімдердің мектеп окушыларың олимпиадалар мен сыйистар, спорттық жарыстарға дайындауға, «Оқуға құштар» мектеп жобасын жетілдіруге, Дебаттық клуб, Адал үрпак, Мектеп мұражайы, Еріктілер қоғамы жұмыстарын жандандырып, окушылардың әлеуметтік даму мүмкіндіктерін кенейту арқылы барлық пәндердің берілу сапасын арттыру мен мемлекеттік стандарттың орындалуын қамтамасыз ету. Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау. Желілік қоғамдастық және ресурстық орталық арқылы озық іс-тәжірибе алмасу.

Күтілетін нәтиже: Окушылардың белсенділігі мен ынтасы артады, өз бетімен білім алудың жолдарын менгереді, сапалы білімге қол жеткізіледі, функционалдық сауаттылықтары артады. Мектепте мұғалімдердің кәсіби

дамуына жағдай жасалынады, үздіксіз білім жетілдірудің жүйесі қалыптасады. Ұжымның шығармашылық ахуалы артады. Алдағы уақытта мектеп окушыларының санын арттыруға арналған жұмыстар бойынша окушы саны артуы мүмкін (патронаттық тәрбиеге кемінде 2023 ж 10 бала, 2028 жылы 20-25 балаға арттыру). Педагог мәртебесі жылдан-жылға көтеріліп, олимпиадалар мен сайыс, жарыстарға қатысу пайызын 2023ж 40%-ға, 2028 жылы 70%-ға жетуі ықтимал.

Казакстан Республикасында өлкетануды дамытудың ерекшелігіне сәйкес ауыл тарихы зерттелініп, Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында тарихи мұраларды дәріптеліп, окушыларда ұлттық дүниетаным қалыптасады.

9. Бағдарламаны қаржыландыру көлемі мен көздері

Тоғанас негізгі орта мектебінде курделі жөндеу 2004 жылы жасалынды. Қазіргі мектептің жағдайы орташа, мектеп шатырының, терезелерінің жағдайы нашар. Мектепте спортзал жоқ. Мектебімізде қазандықты 2020 жылы қазандық сыртқа шығарылды, сол ескі қазандықтың орнындағы кабинетті жөндеу, жабдықтау.

| № | Тауарлар атауы | Қажеттілік саны | Оның ішінде | | | | | |
|---|---|----------------------------|-------------|------|------|------|------|------|
| | | | 2023 | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 |
| 1 | Курделі жөндеу | | | | 1 | | | |
| 2 | Спортзал | 1 | | | 1 | | | |
| 3 | Сынып бөлмелерін орындақ, парталармен жабдықтау | 15 парта, 30 орындақ | | 1 | | | | |
| 4 | Принтер, сканер | 2 | 1 | | | | | |
| | | | | | | | | |





1. Күтілетін нәтижелер

ҚР Білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №941 қаулысына сәйкес мектебімізде күрделі жөндеу және мектептің материалдық базасы жаңартылуы керек. - Мектеп оқушыларының санын арттыруға арналған жұмыстарды жандандыру (патронаттық тәрбиеге кемінде 2023 ж 10 бала, 2028 жылы 20-25 балаға арттыру),

- Улгерім «үздік» және «жақсы» оқушылар үлесін көтеру. 2023 жылы 53%, 2024 жылы 58%, 2025 жылы 63%, 2026 жылы 68%, 2027 жылы 74%, 2028 жылы 80%

Негізгі орта мектепті «Үздік» бағага бітіретін түллектер санын 2023ж 10%-ға, 2028ж 25%-ға арттыру

- Педагог мәртебесін көтеру, олимпиадалар мен сайыс, жарыстарға қатысу пайызын 2023ж 40%-ға, 2028 жылы 70%-ға жеткізу

- Қазіргі заманға сай жабдықталған кабинеттер санын көбейту; 2023 жылы 1 кабинет, 2028 жылы 3 кабинет

- Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың ерекшелігіне сәйкес ауыл тарихын зерттеу, Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында тарихи мұраларды дәріптеу, оқушылардың үлттық дүниетанымын қалыптастыру

- Қамкоршылық кеңесі оқу-тәрбие процесін коллегиялды түрде басқару мүшелерінің өз өкілеттігін орындауына өтеусіз негізде іске асырылуы

- Педагог-Ата-ана-Окушы үштік ынтымақтастық қоғамының ортасының жұмыстарын іске асыру

- ШЖМ мектептің жабылып қалу қаупі тәнгендіктен отбасылық патронаттық тәрбие беруге бала алу, Өтінім қабылданған жағдайда арнаулы курсын оқу, сертификатын алып патронатқа бала алушы жоспарлау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жыл 1 қыркүйектегі «Үшінші бағдар. Ел болашағына арналған стратегиялық инвестициясы» жолдауының бағдарында жазылғандай;

Баланың білім алушына, оның ішінде сыныптан тыс окуына мемлекет бөлөтін қаражат бірыңғай білім беру есепшоттарында жинақталады. Бір сөзben айтқанда, мұны балалардың білім алушына инвестиция ретінде жұмсалатын алғашқы мақсатты капитал деуге болады. Бұл қадам еліміздің әрбір азаматы үшін бірдей

Мүмкіндік қағидатын іс жүзінде қолдануға жол ашады. Жоғары білім саласындағы реформаларды да осы бағытта жүзеге асырған жөн Окушыларға мүмкіндіктеріне сай білім беру, қажеттіліктері мен бейімділіктеріне қарай жеке оқыту, білім беру бағдарламаларын оқытуда терең және сапалы білім беру.